

**«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ**

**Бекітемін**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өңірлік университетінің Басқарма  
Төрағасы-Ректор  
Л.Ч. Карабасова

« 30 » 11 2022 ж.

**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ ЕРЕЖЕСІ**

**Қызмет бабында қолдануға арналған басылым**

Ақтөбе қ.  
2022 ж.

## **ЕРЕЖЕНІ ҚҰРАСТЫРҒАН**

Ғылым және инновациялар департаментінің директоры \_\_\_\_\_Жантурина Н.Н.

## **БЕКІТКЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор Л.Ч. Карабасова («30» 11 2022 ж.)

Осы ереже Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма төрағасы-Ректорының ресми рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Осы ереже Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Басқарма төрағасы-Ректорының ресми рұқсатынсыз үшінші бір адамдарға берілмейді.

## **1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

Осы ереже барлық білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік диссертациялардың құрылымына, ресімдеу қағидаларына және қорғау рәсімін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы ереже магистранттар, профессор-оқытушылар құрамы және құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

## **2 СІЛТЕМЕ ҚҰЖАТТАР**

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілде №319-III.

2.2 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы.

2.3 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒЖБМ) 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.5 Қ.Жұбанов атындағы АРУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің Академиялық адалдық кодексі.

2.6 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы».

## **3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

3.1 Қорытынды аттестаттау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны жазу және қорғау түрінде өткізіледі.

Магистрлік диссертация дегеніміз – белгілі бір білім беру бағдарламасының өзекті тақырыптарының бірі бойынша орындалған дербес ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін белгіленген нысанға сәйкес жинақтау. Ол түлектің ғылыми қызметкер ретінде қалыптасқандығын, мамандықтың ғылыми мәселелерін шығармашылық тұрғыда қоя және шеше алатын қабілетін көрсетуі тиіс.

3.2 Магистрлік диссертация магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесі болып табылады.

3.3 Магистрлік диссертация – ғылыми мазмұндағы, ішкі біртұтастығы бар бітіру жұмысы. Диссертацияда ғылымның қазіргі жағдайына сәйкес келетін тақырып бойынша дербес ғылыми зерттеудің нәтижелері баяндалады.

3.4 Магистрлік диссертацияның мақсаты – магистранттың ғылыми біліктілік деңгейін көрсету, ғылыми ізденісті өз бетінше жүргізе алуын, нақты ғылыми міндеттерді шешу қабілетін, сондай-ақ оларды шешудің жалпы әдістері мен тәсілдерін меңгеруін тексеру.

3.5 Магистрлік диссертация магистранттың ғылыми біліктілік деңгейін және Қазақстан Республикасы МЖМБС талаптарына сәйкес ғылыми таным әдіснамасын меңгеру дәрежесін айқындайды.

3.6 Оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға жетекшілік ету үшін ғылыми жетекші тағайындалады.

3.7 Магистранттың ғылыми жетекшісі мен зерттеу тақырыбы Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.8 Магистранттың ғылыми жетекшісі «ғылым кандидаты», немесе «ғылым докторы», немесе «философия докторы (PhD)», немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелерінің біріне не тиісті бағыт бойынша академиялық дәрежеге ие, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс. Соңғы бес жылда уәкілетті орган бекіткен ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда кемінде 5 ғылыми мақаланың және Web of Science Core Collection базасына кіретін (Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index) импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда немесе Scopus деректер базасында CiteScore көрсеткіші бойынша кемінде 25 процентильге ие кемінде 1 ғылыми мақаланың авторы болуы қажет.

Бейіндік бағыт бойынша магистранттарға ғылыми жетекшілікке ұлттық біліктілік шеңберінің 8-деңгейіне сәйкес келетін, жұмыс өтілі кемінде 3 жыл мамандар да тартылады.

Қажет болған жағдайда сабақтас ғылым салалары бойынша ғылыми кеңесшілер тағайындалуы мүмкін.

3.9 Білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу үшін білім беру бағдарламалары бойынша аттестаттау комиссиясы құрылады.

3.10 Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен құрамы Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ағымдағы оқу жылының 10 ақпанынан кешіктірілмей университет ректорының бұйрығымен бекітіледі және ағымдағы күнтізбелік жыл бойы әрекет етеді.

3.11 Аттестаттау комиссиясының төрағасы шығарылатын мамандар бейініне сәйкес келетін, профессорлар, доценттер, ғалымдар немесе өндірісте тәжірибесі бар білікті мамандар қатарынан және осы жоғары оқу орнында жұмыс істемейтін тұлғалар арасынан тағайындалады.

3.12 Аттестаттау комиссиясының құрамы шығарылатын мамандар бейініне сәйкес келетін профессорлар, доценттер және жоғары білікті мамандар қатарынан қалыптастырылады.

3.13 Аттестаттау комиссиясының сандық құрамы кафедрамен айқындалады.

3.14 Қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларында көзделген мерзімдерде магистрлік диссертацияны қорғау түрінде өткізіледі.

3.15 Магистранттарды қорытынды аттестаттауға жіберу факультет деканының өкімімен рәсімделеді, тізім бойынша қорытынды аттестаттау басталғанға дейін кемінде 10 күн бұрын ресімделіп, тіркеу кеңсесіне және аттестаттау комиссиясына ұсынылады.

#### **4 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

4.1 Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері кемінде екі жарияланымда немесе уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымда бір жарияланымда, не болмаса Web of Science/Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналда бір жарияланымда ұсынылуы тиіс.

4.2 Ғылыми және педагогикалық магистратурадағы ғылыми-зерттеу жұмысы:

1) орындалатын және қорғалатын магистрлік диссертацияның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

2) өзекті болуы, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы болуы;

3) ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

4) заманауи ғылыми зерттеу әдістерін қолдана отырып орындалуы;

5) қорғалатын негізгі қағидалар бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтуы;

6) тиісті білім саласындағы озық тәжірибеге негізделуі тиіс.

4.3 Бейіндік магистратурадағы эксперименттік-зерттеу жұмысы:

1) орындалатын және қорғалатын магистрлік диссертацияның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

2) ғылым, техника және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдар мен басқарушылық міндеттердің дербес шешімдерін қамтуы;

3) озық ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;

4) қорғалатын негізгі қағидалар бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтуы тиіс.

4.4 Магистранттың магистрлік диссертациясы ғылыми жетекшінің жетекшілігімен күнтізбелік жоспарға (1-қосымша) сәйкес орындалуы тиіс.

4.5 Магистрлік жұмыс міндетті түрде плагиатқа тексеруден өтуі тиіс, ол университеттің сараптамалық комиссиясында немесе магистрлік диссертацияларды плагиатқа тексеру жөніндегі Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында жүзеге асырылады.

#### **5 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ**

5.1 Магистрлік диссертация жаңа факторларды, құбылыстарды сипаттауды немесе бұрын белгілі қағидаларды жаңа ғылыми тұрғыдан не жаңа

перспективалық аспектіте жалпылауды қамтитын түбегейлі жаңа материалды қамтуы тиіс.

5.2 Магистрлік диссертацияның мазмұны ғылыми зерттеудің бастапқы алғышарттарын, оның барысын және алынған нәтижелерін көрсетуі тиіс. Жұмыста таңдалған тұжырымдаманың пайдасына дәлелді негіздемелер келтірілуі қажет. Оған қайшы келетін көзқарастар жан-жақты талданып, сыни тұрғыдан бағалануы тиіс.

5.3 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтері:  
титулдық бет (2-қосымша);

- көлемі бір бет болатын қазақ тіліндегі түйіндеме – орыс немесе ағылшын тілінде қорғалатын жұмыстар үшін / орыс тіліндегі түйіндеме – қазақ немесе ағылшын тілінде қорғалатын жұмыстар үшін;

- беттер көрсетілген мазмұны;

- қысқартулар, символдар мен белгілер тізімі (қажет болған жағдайда);

- кіріспе;

- бөлімдер мен бөлімшелерден тұратын негізгі бөлім;

- қорытынды;

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

- қосымшалар;

- жарияланымның көшірмесі.

5.4 Түйіндемеде зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, негізгі идеялары мен қорытындылары, алынған нәтижелердің жаңалық деңгейі мен практикалық маңызы, сондай-ақ магистрлік диссертацияның көлемі және иллюстрациялық материалдар саны туралы мәліметтер берілуі тиіс.

5.5 Кіріспеде жұмыстың өзектілігі, мақсаты, міндеттері, қолданылған әдістер, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы, сондай-ақ жұмыстың көлемі мен иллюстрациялық материалдар саны туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

5.6 Қорытындыда диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдар келтірілуі тиіс.

## **6 МАГИСТЕРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУ ЕРЕЖЕСІ**

6.1 Магистрлік диссертацияны рәсімдеуге қойылатын техникалық талаптар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы уәкілетті орган дәстүрлі түрде қоятын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

6.2 Библиографияны рәсімдеу де диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс (4-қосымша). Пайдаланылған әдебиеттер тізімі отандық және шетелдік ғылым көздерімен жұмыс жүргізілгенін көрсетуі қажет. Магистрант магистрлік диссертацияны орындау барысында шет тілдеріндегі дереккөздермен жұмыс істеуге міндетті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі кемінде 50 дереккөзді қамтуы тиіс, оның ішінде соңғы 5 жылдағы шетелдік дереккөздер кемінде 20% болуы қажет.

6.3 Магистрлік диссертация компьютерлік тәсілмен А4 форматтағы ақ қағаздың бір бетіне, бір аралық интервалмен, Times New Roman қарпімен, 14 кегльмен келесі жиектерді сақтай отырып орындалуы тиіс: сол жақ – 30 мм, оң

жақ – 10 мм, жоғарғы – 15 мм, төменгі – 20 мм. Магистрлік диссертацияның көлемі білім беру салалары бойынша:

- 7M01 – Педагогикалық ғылымдар, 7M02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар, 7M03 – Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат, 7M04 – Бизнес және басқару – кемінде 45 бет;

- 7M05 – Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 7M06- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 7M07 – Өңдеу және инженерлік салалар – кемінде 35 бет.

Бейіндік магистратура үшін магистрлік жобаның көлемі:

- 7M01 – Педагогикалық ғылымдар, 7M02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар, 7M03 – Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат, 7M04 – Бизнес және басқару – кемінде 40 бет;

- 7M05 – Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 7M06- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 7M07 – Өңдеу және инженерлік салалар – кемінде 30 бет.

6.4 Диссертация бөлімдерінің тақырыптары жолдың ортасына нүктесіз орналастырылып, бас әріптермен жазылуы тиіс. Бөлімшелердің тақырыптары абзацтан (төртінші таңбадан) басталып, бас әріптен жазылады, асты сызылмайды және соңында нүкте қойылмайды. Бөлімшелер бір-бірінен бір жол аралықпен бөлінеді.

6.5 Диссертация беттері араб цифрларымен нөмірленеді, нөмірлеу тұтас болады және титулдық беттен басталады, бірақ онда «1» нөмірі қойылмайды. Бет нөмірі парақтың төменгі жағында ортасына орналастырылады.

6.6 Иллюстрациялар (графиктер, сызбалар, фотосуреттер) мәтінде алғаш аталғаннан кейін бірден орналастырылады. Иллюстрация «Сурет» сөзімен және оның нөмірімен белгіленеді, нөмірі түсіндірмеден кейін суреттің астына жазылады (3-қосымша). Әрбір иллюстрацияның атауы болуы тиіс және ол суреттің астына орналастырылады. Мысалы: «Сурет 1. Сенсорлардың түрлері». Қажет болған жағдайда иллюстрация астына қосымша түсіндірме деректер беріледі. Иллюстрациялар бүкіл диссертация бойынша араб цифрларымен рет-ретімен нөмірленеді. Мәтінде әрбір иллюстрацияға міндетті түрде сілтеме жасалуы тиіс.

6.7 Сандық материал кестелер түрінде рәсімделеді және араб цифрларымен нөмірленеді. «Кесте 1» (немесе тиісті нөмір) сөзі кестенің үстіне абзацтан бастап жазылады, одан кейін кестенің атауы беріледі (3-қосымша).

6.8 Формулалар мен теңдеулер мәтіннен бөлек жеке жолға шығарылады. Формуланың үстінен және астынан кемінде бір бос жол қалдырылады. Формулалар мен теңдеулер бүкіл диссертация бойынша араб цифрларымен дөңгелек жақша ішінде нөмірленеді.

6.9 Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер мәтінде квадрат жақшада реттік нөмірімен араб цифрларымен беріледі.

## **7 МАГИСТЕРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҚОРҒАУҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ**

7.1 Белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген магистрлік диссертация алдын ала қорғаудан өту және «қорғауға жіберіледі» немесе «қорғауға

жіберілмейді» деген дәлелді қорытындысы бар ғылыми жетекшінің пікірін алу үшін бітіруші кафедраға ұсынылуы тиіс.

7.2 Ғылыми жетекшінің қорытындысына қойылатын талаптар:

- диссертацияның білім беру бағдарламасына және ғылым саласына сәйкестігі;

- жұмыстың өзектілігіне сипаттама;

- қойылған міндеттердің шешілуінің толықтығы, тереңдігі және бірегейлігіне сипаттама;

- жұмыстың қорғауға дайындық деңгейін бағалау.

7.3 Магистрлік диссертация міндетті түрде сараптамалық комиссияда немесе магистрлік диссертацияларды плагиатқа тексеру жөніндегі Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында авторға және дереккөзге сілтемесіз алынған мәтіндердің бар-жоғына тексеруден өтеді.

7.4 Магистрлік диссертацияны қорғау келесі құжаттар болған жағдайда жүзеге асырылады:

- ғылыми жетекшінің оң пікірі;

- кемінде екі жарияланым немесе уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымда бір жарияланым, не болмаса Web of Science/Scopus ғылыми базасына кіретін журналда бір жарияланым;

- қорғауға ұсыну туралы бітіруші кафедраның шешімі (кафедра отырысы хаттамасынан үзінді);

- қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар рецензенттің бір рецензиясы, онда диссертацияға жан-жақты сипаттама беріліп, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі туралы негізделген қорытынды жасалады;

- диссертацияны лицензиялық жүйеде плагиатқа тексеру туралы анықтама.

Егер ғылыми жетекші және/немесе бітіруші кафедра «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берсе, магистрант магистрлік диссертациясын қорғай алмайды.

7.5 Turnitin жүйесі арқылы плагиатқа тексеру кезінде ұқсастық индексі 25%-дан аспауы тиіс. Бұл талапқа сәйкес келмеген жағдайда, магистрантқа алынған мәтіндерді түзеткеннен немесе тиісті дереккөздерге сілтеме енгізгеннен кейін қайта тексеруден бір рет өтуге мүмкіндік беріледі.

Екі тексеруден кейін де дереккөзге сілтемесіз алынған материалдардың үлесі рұқсат етілген деңгейден жоғары болған жағдайда, магистрант қорғауға жіберілмейді. Магистрантты қайта қалпына келтіру тек келесі оқу жылында қорытынды аттестаттау кредиттерін ақылы негізде қайта меңгеру арқылы жүзеге асырылады.

7.6 Магистрлік диссертацияларды қорғау кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес бекітіледі. Бір күнде қорғауға 10 магистранттан артық жіберілмейді. Магистрлік диссертацияны қорғау аттестаттау комиссиясының кемінде 2/3 мүшесінің қатысуымен ашық отырыста өткізіледі. Қорғау барысында магистрант аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелері алдында кемінде 20 минут баяндама жасайды.

7.7 Диссертацияны қорғау ғылыми пікірталас сипатында өтіп, жоғары талапшылдық, принципшілдік және ғылыми әдеп нормаларын сақтау жағдайында жүргізілуі тиіс.

7.8 Магистрлік диссертация комиссия тарапынан келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- орындалған жұмыстың көлемі;
- зерттеудің дербестігі;
- әдеби шолудың толықтығы және пайдаланылған дереккөздердің заманауилығы;
- алынған нәтижелерді ғылыми зерттеулерде, практикалық қызметте немесе оқу процесінде қолдану мүмкіндігі;
- материалды баяндаудың сауаттылығы мен нақтылығы;
- қорғау кезіндегі баяндама сапасы (нақтылық, сауаттылық, кәсіби терминдерді қолдану деңгейі, көрнекі материалдардың сапасы және т.б.);
- қорғау барысында қойылған сұрақтарға және рецензенттің ескертулеріне жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы.

7.9 Магистрлік диссертацияны қорғау нәтижелері әрбір магистрант бойынша жеке түрде 5-қосымшаға сәйкес нысанда хаттамамен рәсімделеді. Аттестаттау комиссиясының шешімі 6-қосымшаға сәйкес нысанда хаттамамен ресімделеді.

7.10 Қорытынды аттестаттау нәтижелері негізінде тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен магистранттарға «магистр» дәрежесін бере отырып, магистранттарды шығару туралы ректордың бұйрығы магистрлік диссертацияларды қорғау аяқталған күні шығарылады.

7.11 Аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы қорытынды аттестаттау туралы есеп дайындайды, ол бір ай мерзім ішінде университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында қаралып, бекітіледі.

7.12 Магистранттардың қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы есеп кестелер мен түсіндірме жазбадан тұрады. Кестеде осы ереженің 7-қосымшасында көрсетілген көрсеткіштер беріледі.

Түсіндірме жазбада келесі мәліметтер қамтылады:

- 1) осы білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнындағы магистранттардың дайындық деңгейі;
- 2) кешенді емтиханда анықталған білім алушылардың білім деңгейінің сипаттамасы;
- 3) аталған мамандық бойынша магистранттарды даярлау сапасын талдау;
- 4) магистрлерді даярлаудағы кемшіліктер;
- 5) магистрлік диссертация тақырыптарының ғылым, техника, мәдениеттің қазіргі жағдайына және өндіріс сұраныстарына сәйкестігі;
- 6) магистрлік диссертациялардың орындалу сапасы;
- 7) ғылыми жетекшінің пікірі мен ресми рецензенттің қорытындысының магистрлік диссертацияны қорғау деңгейіне сәйкестігі;
- 8) магистранттарды даярлау сапасын одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар.

7.13 Аттестаттау комиссиясы төрағасының есебіне магистратура бағдарламаларын бітірген түлектердің тізімі қоса беріледі. Онда тегі, аты, әкесінің аты, мамандығы және берілген дипломның нөмірі көрсетіледі. Бұл тізім ректордың қолымен бекітіліп, тиісті бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады, сондай-ақ жоғары оқу орнының ресми сайтында орналастырылады.

7.14 Аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін барлық хаттамалар белгіленген тәртіпке сәйкес сақтау үшін университеттің мұрағатына тапсырылады.

## **8 ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

8.1 Осы Ереже университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректорымен бекітіледі және оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

8.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және жоғары оқу орнының ішкі ережелеріне сәйкес енгізіледі.

8.3 Өзгерістер енгізілген жағдайда, күшін жойған Ереженің университеттегі барлық қолданыстағы даналары алынып тасталып, жаңаларымен ауыстырылуы тиіс.

## **КЕЛІСІЛДІ:**

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Мясникова Л.Н.

Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор

Бекназаров Р.А.

Магистранттың білім беру бағдарламасы бойынша магистрлік диссертациямен жұмыс істеудің күнтізбелік кестесі \_\_\_\_\_

(шифр, ББ атауы)

(магистранттың Т.А.Ә.)

тақырыбы: « \_\_\_\_\_ »

(тақырып атауы)

Оқу жылы	Диссертацияның зерттеу бөлімі	Күндер
1 оқу жылы (2022-2023 о.ж.)	Магистрлік диссертация жазу үшін әдебиеттерді жинау және талдау	қыркүйек-қараша
	Кіріспе мен 1-бөлімді жазу	желтоқсан-қаңтар
	Экспериментті ұйымдастыру және бастау, далалық зерттеулер жүргізу, материалдар жинау (білім беру бағдарламасына байланысты)	қыркүйек - желтоқсан
	Ғылыми мақалалар (конференция баяндамаларының тезистері) жазу	наурыз-мамыр
	Ғылыми конференцияларда баяндама жасау	мамыр
	2-бөлімді жазу	сәуір
	Эксперимент жүргізу, деректерді бастапқы және тереңдетілген өңдеу	қараша-сәуір
2 оқу жылы (2023-2024 о.ж.)	Экспериментті аяқтау	мамыр
	3-бөлімді жазуды бастау	қыркүйек
	Ғылыми мақалалар (конференция баяндамаларының тезистері) жариялау	қазан
	Ғылыми конференцияларда баяндама жасау	сәуір
	Деректерді түпкілікті өңдеу және тереңдетілген талдау жүргізу	қаңтар
	Ғылыми зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу актілерін рәсімдеу	ақпан
	3-бөлімді жазуды аяқтау	наурыз
	1-бөлім «Әдебиеттерге шолу» жазу	наурыз
	Қорытындыларды тұжырымдау	сәуір
	Кіріспе, қорытынды (қажет болған жағдайда), практикалық ұсыныстардың соңғы нұсқасы, мазмұны, қысқартулар тізімі және пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу	сәуір
	Алдын ала қорғауға дайындалу	мамыр
Диссертацияны кафедраға және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөліміне тапсыру	мамыр	
Магистрлік диссертацияны қорғау	маусым	

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

қолы

Магистрант \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

қолы

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

Физика кафедрасы

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Электрмагниттік өрістерде зарядталған бөлшектер бумаларының мінез-құлқын  
компьютерлік модельдеу

*Орындаушы* \_\_\_\_\_ *Т.А.Ә.*


*Ғылыми жетекші* \_\_\_\_\_ *Т.А.Ә.*

*Қорғауға жіберілді*

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ *Т.А.Ә.*

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2022 ж.

Ақтөбе  
2022



1-сурет. Көмiртекi нанотрубка

1-кесте. Тестiлеу нәтижелерiн бөлу

№ п/п	Тестiлеу	I курс				II курс				III курс			
		өте жақсы	жақсы	қанағаттанарлық	қанағаттанарлықсыз	өте жақсы	жақсы	қанағаттанарлық	қанағаттанарлықсыз	өте жақсы	жақсы	қанағаттанарлық	қанағаттанарлықсыз
1	Күш қабiлетi	3,2	12,1	36,3	48,4	3,1	10,7	27,4	58,8	2,1	11,0	26,4	60,5
2	Жалпы төзiмдiлiк	6,6	14,2	29,5	49,7	6,3	12,9	26,9	53,9	6,3	12,9	24,4	56,4
3	Икемдiлiк	55,8	14,5	15,2	14,5	60,0	15,6	16,0	8,4	60,4	15,9	16,1	7,6
4	Ептiлiк	26,1	31,4	40,7	1,8	26,1	30,2	41,1	2,6	26,0	30,9	40,4	2,7
5	Жылдамдық	14,0	16,4	47,8	21,8	15,4	16,7	49,2	18,7	14,5	13,5	53,1	18,9

### **Нормативтік-құқықтық құжаттар**

Ресми құжаттың атауы (заң, қаулы, жарлық және т.б.): атауға қатысты мәліметтер, құжаттың қабылданған күні

*мысалы:*

Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (2022 жылғы 20.07. №2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ)).

### **Патенттер**

*мысалы:*

Пат. 33327. Қазақстан Республикасы. Жарық катиондары Na арқылы КСІ люминесценциясын күшейту тәсілі / Шүнкеев К.Ш.; өтініш беруші және патент иеленуші Қ. Жұбанов атындағы АӨУ. – 30.11.2018. – 4 б.

### **Кітаптар**

*мысалы:*

Сармурзина Г.А. Қазақстанның қазіргі тарихы. – Алматы: ҚазҰТЗУ, 2016. – 123 б.

### **Диссертация авторефераты**

Автор. Атауы: атауға қатысты мәліметтер (титулдық бет бойынша): ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатура шифры: қорғау күні: бекітілген күні / жауапкершілік туралы мәлімет (ұжым). – Жазылған жері. – Көлемі.

*мысалы:*

Абиев С.А. Қазақстандағы астық тұқымдас өсімдіктердің тат саңырауқұлақтары: 03.00.00: 30.10.1994 ж. қорғалған: 30.10.1994 ж. бекітілген / жауапты ұйым. – Алматы, 1994. – 30 б.

### **Журнал мақаласы**

Автор. Мақаланың атауы: атауға қатысты мәліметтер / жауапкершілік туралы мәлімет (мақала авторлары) // Журнал атауы. – Шығарылған жылы. – Шығарылған айы және күні. – Мақаланың орналасқан беттері.

*мысалы:*

Рахимова Е.В., Нам Г.А., Ермакова Б.Д., Абиев С.А. Қазақстанның тат саңырауқұлақтарының қысқаша иллюстрацияланған анықтағышы // Халықаралық эксперименттік білім беру журналы. – 2016. – №10(1). – 85–86 б.

### **Газет мақаласы**

Автор. Мақаланың атауы: атауға қатысты мәліметтер / жауапкершілік туралы мәлімет (мақала авторлары) // Газет атауы. – Шығарылған жылы. – Шығарылған күні және айы. – Мақаланың орналасқан беттері.

*мысалы:*

**Әлжанова А.** 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш



№ \_\_\_ ХАТТАМА

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының шешімі

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ мин. бастап \_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ мин. дейін  
Магистранттың магистрлік диссертациясын қарастыру бойынша \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, ББ)

тақырыбы:

Қатысқандар:

Төраға:

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

Мүшелері:

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

Магистерлік диссертация \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми немесе академиялық дәрежесі)

ғылыми басшылығымен орындалған.

Рецензент

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жұмыс орны, қызметі)

Аттестаттау комиссиясына келесі материалдар ұсынылды:

- 1) магистрлік диссертация \_\_\_ бет;
- 2) магистрлік диссертацияға қатысты сызбалар, кестелер \_\_\_ парақ;
- 3) ғылыми жетекшінің магистрлік диссертацияға берілген қорытындысы бар пікірі.

\_\_\_\_\_ ;  
(«қорғауға жіберілгенін» көрсету)

4) бітіруші кафедраның шешімі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (кафедраның атын және диссертацияны қорғауға

\_\_\_\_\_ ;  
ұсынылғанын немесе ұсынылмағанын көрсету)

5) магистрлік диссертацияға берілген бағасы көрсетілген \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ;

(рецензенттің бағасы көрсетіледі)

Орындалған магистрлік диссертация туралы хабарлама жасалғаннан кейін  
\_\_\_\_\_ минут магистрантқа келесі сұрақтар қойылды:

1. \_\_\_\_\_  
(комиссия мүшесінің аты-жөні және қойылған сұрақ)
2. \_\_\_\_\_  
(комиссия мүшесінің аты-жөні және қойылған сұрақ)
3. \_\_\_\_\_  
(комиссия мүшесінің аты-жөні және қойылған сұрақ)
4. \_\_\_\_\_  
(комиссия мүшесінің аты-жөні және қойылған сұрақ)
5. \_\_\_\_\_  
(комиссия мүшесінің аты-жөні және қойылған сұрақ)

Магистранттың қойылған сұрақтарға жауаптарының жалпы сипаттамасы

Магистрлік диссертацияны қорғау барысында магистрант \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жалпы теориялық және арнайы дайындық бойынша қандай білім деңгейі бар екенін)

Магистрант магистрлік диссертацияны орындап, қорғады (бағасымен)

\_\_\_\_\_ (білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағалау)

Комиссия мүшелерінің айрықша пікірлері \_\_\_\_\_

Төраға \_\_\_\_\_ (қолы)  
Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)  
\_\_\_\_\_ (қолдары)  
Хатшы \_\_\_\_\_ (қолы)

№ \_\_\_\_ ХАТТАМА

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының шешімі

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. сағ. \_\_ мин. бастап \_\_ сағ. \_\_ мин. дейін «магистр» дәрежесін беру туралы

Қатысқандар:

Төраға

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

Мүшелері:

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

Магистрант \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, білім бағдарламасы)

Магистрлік диссертациясын бағамен қорғады:

\_\_\_\_\_ (магистрлік диссертация, білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағалау, тапсыру күні)

Магистрант магистрлік диссертациясын қорғады деп мойындалсын.

Магистрант

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Білім бағдарламасы

\_\_\_\_\_ (ББ коды мен атауы)

Білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» академиялық дәрежесі берілсін.

Комиссия мүшелерінің айрықша пікірлері

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом берілсін.

Төраға \_\_\_\_\_ (қолы)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)

\_\_\_\_\_ (қолдары)

Хатшы \_\_\_\_\_ (қолдары)

**Магистрлік диссертацияларды қорғау нәтижелері**  
**жыл үшін**  
**білім беру бағдарламасы \_\_\_\_\_**

Қорытынды аттестаттаудың түрі	Қорытынды аттестаттауға жіберілгендер саны	Тапсырылған ар саны	Соның ішінде:				Орташа балл	Келмегендер	% сапа	% үлгерім
			90-100%	70-90%	50-70%	50% төмен				
Диссертация қорғау										

**Салыстырмалы талдау**

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең	Есепті кезең
% сапа		
% үлгерім		
Орташа балл		